Бұл көрсеткішке екі спиральді $D=2,4$ м тең сұрыптағыш қолайлы болады. Оның ағызынды бойынша өнімділігі тең болады:

$$Q_\alpha = 4,5 * 2 * 1,65 * 1,11 * 0,97 * 1 * 2,4^{1,765} = 76,0 \frac{\text{т}}{\text{сағ}}$$

Құм бойынша өнімділікті $n = 3$ айн/мин сәйкес анықтаймыз:

$$Q_\kappa = 5,45 * 2 * 3,6 * 1,11 * 1 * 2,4^3 = \frac{602,1\text{т}}{\text{сағ}} \cdot \frac{1\text{т}}{\text{сағ}}$$

Екі спиральды сұрыптағыш 2КСН-24А осындай өнімділікпен жұмыс істей алады.

Сұрыптаудың екінші сатысында гидроциклондарды қолданамыз. Диаметрі 500 мм құрайтын гидроциклондарды орнатамыз. Ағызындының номинальды ірілігі $\beta_\alpha = 85\% = 172$ мкм тең болады. Гидроциклондарда сұрыптауға түсетін пульпаның көлемі $V = 576,35$ м³/сағ. Пульпаның гидроциклонға түсетін жеріндегі қысым мөлшері 0,1 МПа құрайды.

Гидроциклоннан шыққан ағызындының номиналдық ірілігін анықтаймыз:

$$d_n = 1,5 \sqrt{D * dc * \frac{T_k}{\Delta K_d} * P_0^{0,5} * (\delta - 1)},$$

мұнда,

D - гидроциклон диаметрі, см;

dc - ағызынды патрубogyның диаметрі, см;

Δ - құм патрубogyның диаметрі, см;

K_d - гидроциклон диаметріне қатысты түзету;

P_0 - гидроциклонның кіреберістегі қысым, МПа;

δ - тығыздық, т/м³;

d_n - ағызындының номинальды ірілігі, мкм.

$$d_n = 1,5 * \sqrt{\frac{50 * 16 * 57,5}{7,5 * 1 * 0,1^{0,5} * (3 - 1)}} = 148 \text{ мкм}$$

Бір секцияға қажетті гидроциклондардың саны:

$$N = \frac{V_{\text{секц}}}{V} = \frac{384,85}{197,3} = 2 \text{ дана}$$

Екі резервті гидроциклондарды еске ала отырып әр секцияға төрт ГЦ-500 гидроциклондарын орнатамыз.

Таңдап алынған гидроциклондардың құм бойынша жүктемесі $208,7/2=104,35$ т/сағ құрайды.

Үлесті жүктемесін анықтаймыз:

$$q = \frac{104.35 * 4}{2 * 3,14 * 7,5^2} = 1,18 \frac{\text{т}}{\text{см}^2} * \text{сағ}$$

Бұл көрсеткіш оңтайлы межеде болатынын көрсетеді.

Орнатуға В гидроциклонды (3 жұмысшы, 3 резервті) қабылдаймыз.

Гидроциклондардың есептеу нәтижелерін 8 кестеге енгіземіз.

8 кесте -Гидроциклондардың есептеу нәтижелері

Көрсеткіштер	2 сұрыптау
Ағызындының номинальды ірілігі, мкм	138,3
Таңдалған гидроциклонның стандартты диаметрі, мм	500
Кіре берістегі қысым, МПа	0,1
Өнім бойынша есептелінген гидроциклонның өнімділігі, м ³ /сағ	193,4
Гидроциклондарға берілетін пульпаның өнімділігі, м ³ /сағ	609,4
Жұмысшы гидроциклондардың саны	4
Резервтегі гидроциклондар саны	4

1.4.4 Флотациялық байытудағы құрал-жабдықтар

Негізгі және бақылау флотациясына пневмомеханикалық машиналарды орналастырамыз,тазалау флотациясына механикалық. Флотомашиналардың қажетті камералар санын келесі формула негізінде табамыз:

$$n = \frac{Q_k * t}{1440 * V_k * K},$$

мұнда,

Q_k -операцияға түсетін пульпа көлемі, м³/сағ;

t -флотацияның қажетті уақыты,мин;

K -пульпа көлемінің камера көлеміне қатынасы(0,7-0,8).

Негізгі мыс флотациясы

ФПМ-12,5 типті машиналарды қабылдаймыз. Бір камераның көлемі $V_k=12,5$ м³. Флотацияға қажетті уақыт $t=12$ мин. Операцияға түсетін пульпаның көлемі $V=781,0$ м³/сағ. K мәнін 0,80 тең деп аламыз:

$$n = \frac{781 * 24 * 12}{1440 * 12,5 * 0,8} = \frac{224928}{14400} = 15,62 \approx 16 \text{ дана.}$$

Флотомашиналарды жалпы есептеулердің қорытындысы төмендегі кестеде толық мәндермен берілген.

9 Кесте – Флотомашиналардың есептеу нәтижелері.

Операция атаулары	Пульпа көлемі, м ³ /сағ	Флотомашин а түрі	Камера көлемі, м ³	Флотация уақыты, мин	Камера саны, дана
Негізгі мыс флотациясы	781	ФПМ-12,5	12,5	12	16
Бақылау мыс флотациясы	710	ФПМ-12,5	12,5	12	14
1 тазалау флотациясы	94	ФМ-6,3	6,3	10	4
2 тазалау флотациясы	84	ФМ-6,3	6,3	3	2

1.4.5 Сусыздандыру процесінің құрал-жабдықтары

Қойыдырудағы. Фабриканың мыс концентраты бойынша сағаттық өнімділігі 9 т/сағ құрайды. Қажетті қойылдыру ауданын келесі формула негізінде анықтаймыз:

$$S = Q * S_{\text{үл}}$$

мұнда,

Q -концентрат бойынша өнімділік, т/сағ;

$S_{\text{үл}}$ -қойылдырудың үлестік ауданы, т/м² * тәул. (мыс концентраты бойынша -0,7).

Қойылдыру ауданын анықтаймыз:

$$S = 216 * 0,7 = 151,2 \text{ м}^2.$$

Мыс концентратын қойылдыруға бір СЦ-15 қойылдырғышын қабылдаймыз.

Сүзудегі. Қажетті сүзу ауданын анықтаймыз:

$$F = \frac{Q}{q_{\text{үл}}}, \text{ м}^2,$$

мұнда,

F - сүзу ауданы, м²;

Q - концентрат бойынша өнімділік, т/сағ;

$q_{\text{үл}}$ - сүзгілердің үлесті өнімділігі, т/м² * сағ; (мыс концентраты бойынша

$q_{\text{үл}} = \frac{0,19 \text{ т}}{\text{м}^2} * \text{сағ}$).

$$F = \frac{6}{0,19} = 31,6 \text{ м}^2$$

Орнатуға бір БОУ-40-3 сүзгішін қабылдаймыз.

Концентраттарды кептіруге кептіргіштердің қажетті көлемін келесі формула арқылы табамыз:

$$V = \frac{W}{A}, \text{ т}$$

мұнда,

W -буға айналатын ылғал мөлшері, $\text{кг}/\text{м}^3 * \text{сағ}$;

A -кептіруші барабанның қысым кернеуі, $\text{кг}/\text{м}^3 * \text{сағ}$;

Ұнтақталған концентраттарға $A=70 \text{ кг}/\text{м}^3 * \text{сағ}$ тең деп аламыз.

$$V = \frac{1720}{70} = 24,6 \text{ м}^3$$

Камераның нақтылы көлемін табамыз:

$$V_n = V * 12 = 25 * 1.2 = 30 \text{ м}^3$$

Кептіргіштің көлденең кесіндісінің ауданын келесі формуламен есептейміз:

$$S = \frac{V_r}{\omega},$$

мұнда,

V_r - кептіргіштің аяғындағы шығатын газдың көлемі, $/\text{м}^3 * \text{сек}$;

ω - газдың қозғалу жылдамдығы, $\text{м}/\text{сек}$.

$$V_r = 1,09 \text{ м}^3/\text{сек}; \quad \omega = (1-2)$$

$$S = \frac{1,09}{1} = 1,09 \text{ м}^2$$

Кептіргіштің нақтылы көлденең кесінді ауданын анықтаймыз:

$$S_n = S * 1,2 = 1,09 * 1,2 = 1,3 \text{ м}^2$$

Кептіргіштің диаметрін келесі формуламен анықтаймыз:

$$D = \sqrt{4 * \frac{S_n}{\pi}} = \sqrt{4 * 1,3/3,14} = 1,3 \text{ м}$$

Кептіргіштің көлденең қимасының ауданын табамыз:

$$S = \frac{\pi d^2}{4} = 3,14 * \frac{1,3^2}{4} = 1,3 \text{ м}^2$$

Кептіргіштің ұзындығын анықтаймыз:

$$L = \frac{V_n}{S} = \frac{30}{1,32} = 11,5 \text{ м}$$

Мыс концентратын кептіруге $L = 11,5 \text{ м}$, диаметрі $D = 1,3 \text{ м}$ кептіргішті таңдап аламыз.

1.5 Қосалқы құрал-жабдықтарды тандау және есептеу

Сорғылар.

Пульпаны тасымалдайтын сорғыларды және суды айдайтын сорғыларды есептеу арнаулы жобалауда келтірілген әдістеме негізінде жүргізіледі (НТП-09-66).

Сорғының су бойынша салыстырмалы өнімділігін анықтайық:

$$Q_0 = (1 + V) * Q,$$

мұндағы,

Q – сорғының су бойынша қажетті өнімділігі, м³/сағ;

V – қаттының салмақ бойынша үлесі, (бірлік үлесіндегі).

Манометрлік арынды есптейміз:

$$H_M = H_G + H_{пу} + H_{изг} + H_{изл}$$

мұндағы,

H_M – су бағанасының манометрлік арыны;

H_G – геометриялық арын, м су бағанасы;

$H_{изг}$ – құбырлардың айналмаларындағы арынның жоғалымдары, м су бағанасы

$H_{изл}$ = 1,5 м су бағанасы;

$$H_{пу} = \alpha_1 * l * V^2 / (d * 2g)$$

$$H_{изг} = K * n_u * 90 / \alpha_0$$

α_1 – пульпаның кедергі коэффициенті ($\alpha_1 = 0,04$);

l – құбыр жолының ұзындығы, м ($l = 13$ м);

V – пульпаның ағу жылдамдығы, м/сек ($V = 2$ м/сек);

g – бос құлау үдеуі, ($g = 9,8$ м/сек²);

K – пульпаның кедергіі коэффициенті, ($K = 0,2$);

n_u – трасса бойындағы айналымдар саны, ($n_u = 4$);

α_0 – айналма бұрышы, ($\alpha_0 = 90^\circ$).

Технологиялық сұлбаның 1 сұрыптау операциясына пульпаны тасымалдауға қолданылатын сорғыны есептеу:

$$Q = \frac{876,35 \text{ м}^3}{\text{сағ}};$$

$$Q_0 = (1 + 0,587) * 876,35 = \frac{1390 \text{ м}^3}{\text{сағ}};$$

$$H_{пу} = 0,04 * 13 * \frac{2^2}{(0,25 * 2 * 9,8)} = 0,38 \text{ м су бағ}$$

$$H_{изг} = 0,2 * 4 * \frac{90}{90} = 0,8 \text{ м су бағ}$$

$$H_M = 12 + 0,38 + 0,8 + 1,5 = 14,7 \text{ м су бағ}$$

Алынған нәтижелер негізінде келесі сорғыларды таңдаймыз (кесте 10).

10 Кесте – Қабылданған сорғылардың есептеулері

Сорғылардың тағайындалуы	Типте рі	Саны		Өнімділік		Арыны, м су бағ.
		Жұмыс.	Резерв.	Нақтылы	Қажетті	
1 сатыдағы диірменнің өнімі 1 сұрыптауға	ГРА-450/67	1	1	231,54	405,2	67
2 сатыдағы диірмен өнімі 2 сатыдағы сұрыптау гидроц. 2 сұрыптауға	ГРА-1400/40	1	1	744,19	1228	40
1 сұрыптау ағызындысын тасымалдауға сорғы	ГРА-1400/40	1	1	668,98	992,7	40
2 сұрыптау ағызындысын тасымалдауға сорғы	ГРА-900/67	1	1	569,4	808,5	67
Бақылау флот. қалдықтарын тасымалдайтын сорғы	ГРА-700/40	1	1	570,92	690,8	40
Тазалау флот.концентратын және 1 тазалау қалдығын айдауға сорғы	ПВП-265/22,5	1	1	158,03	219,1	22,5
1 тазалау концентратын және қосымша ұнтақтау диірмен өнімін айдау сорғысы	ПВП А-265/22,5	1	1	158,03	219,1	22,5
Бақылау флот. концентратын, 1 тазалаудың концентратын айдайтын сорғы	ПР-63/22,5	1	1	63	59	22,5
Қойылған мыс өнімін тасымалдауға сорғы	НП-1М	1	1	0,09	0,11	12
Сүзгіштен фильтратты тасымалдайтын сорғы	2,5Пс-б					

Транспортерлерді есептеу. Оларды есептеу стандартты әдістеме арқылы орындалады, соның негізіне таспаның ені және қозғалтқыштың қуаты анықталады. Оның нәтижесі ретінде каталог бойынша транспортер таңдалады.

Кенді диірменге тасымалдайтын транспортердің есептелуі.
Транспортердің электроқозғалтқышының қуатын табамыз:

$$N = \frac{(K_0 * V + 1,2) * K_1 * K_2 * K_3 * K_4 * K_5 * L}{10000}, \text{ кВт}$$

мұнда, K_0 -таспаның енін анықтайтын коэффициент;
 K_1 -электржетектің қуат қорының коэффициенті;
 K_2 -конвейер ұзындығын ескеретін коэффициент;
 K_3 -конвейердің иілуін ескеретін коэффициент;
 K_4 -конвейердің жұмыс істеу жағдайының коэффициент;
 K_5 -конвейердегі тележканың барын ескеретін коэффициент;
 L -таспа ілімінің ұзындығы,м;
 V -таспаның қозғалу жылдамдығы, м/сек;
 $N = 6,8 \text{ кВт}$

Таспа енін анықтаймыз:

$$B = 60 * Q / (K_y * V * \delta_n)^{0,5} + 75, \text{ м}$$

мұндағы, B -таспа ені, м;

Q -тасымалданатын масса, т;
 K_y -конвейердің көлбеу бұрышын ескеретін коэффициент;
 V -таспаның қозғалу жылдамдығы, м/сек;
 δ_n -үйілім тығыздығы, т/м³;

$$B = 60 * 322,5 / (1,1 * 2,25 * 1,8)^{0,5} + 75 = 570 \text{ мм.}$$

$B=800$ мм деп қабылдаймыз. Осылай басқа да транспортерлерді есептейміз.
Есептеу нәтижелері кестеде көрсетілген.

11 кесте – Транспортерлерді тандау және есептеу нәтижелері

Транспортердің тағайындалуы	Ұзындығы, м	Көлбеу бұрыш, градус	Ені, мм	Саны, дана	Электроқозғалтқыштың қуаты, кВт/сағ
Ірі ұсатудың орташа ұсатуға	30	20	1600	2	75
Бункерден орта ұсатуға	13	0	800	2	25
Майда ұсатуудан бос корпуста	130	15	1200	2	135
Майда ұсатуудан елеуге	13	18	800	1	10
Бос корпустағы бункерге	110	0	1600	1	50

11 кестенің жалғасы

Ұнтақтаудың горизонтальды транспортері	20	0	1600	1	50
Ұнтақтаудың көлбеу транспортері	10	15	800	2	25
Сүзуден кептіруге	22	5	600	3	10
Кептірілен концентраттаан қоймаға	20	10	600	2	10
Ірі ұсатудан кейінгі	9	0	1200	1	75

Ауа айдағыштарды есептеу.

ФПМ-12,5 флотомашинасының бір камерасы шығындалатын ауаның шығыны $1,8 \text{ м}^3/\text{мин}$, барлық флотомашиналарға $46 \cdot 1,8 = 83 \text{ м}^3/\text{мин}$. ВК-25 ауа айдағышын тандаймыз, олардың саны 4 дана.

Вакуум-сүзгілерге, олардың ауданы 78 м^2 және $q = 0,1 - 0,4 \text{ м}^3/(\text{м}^2 \cdot \text{мин})$ болғанда $78 \cdot 0,2 = 15,6 \text{ м}^3/\text{мин}$ құрайды. Соған сәйкес ТВ-41-1,4 ауа айдағышын (2 дана) тандаймыз, оның бірі жұмысшы, екіншісі резервте.

Қысылған ауаның вакуум-сорғылардағы шығыны $q = 0,5 - 1,5 \text{ м}^3/(\text{м}^2 \cdot \text{мин})$ тен болғанда $78 \cdot 1,2 = 93,6 \text{ м}^3/\text{мин}$ құрайды. Соған сәйкес РМК-2А вакуум-сорғысының екі данасын қабылдаймыз. Басқа да қосалқы құрал-жабдықтардың есептеу нәтижелері 12 кестеде келтірілген.

12 кесте – Қосалқы құрал-жабдықтардың есептеу нәтижелері

Атаулары және тағайындалуы	Типтері	Саны		Өнімділік		Қуаты, кВт
		Жұм.	Рез.	нақтылы	қажетті	
ФПМ-12,5 флотомашинасының ауа айдағышы	ВК-5	4	4	200	805	200
Вакуум-сорғыға ауа беретін ауа айдағыш	ТВ-41-1, 4	1	1	41	15,6	50
Сүзгіге арналған вакуум-сорғылар	РМК-2А	2	2	35	56	50

2 Қосалқы шаруашылық

2.1 Реагенттік шаруашылық

Реагенттердің тәуліктік шығын мөлшері 13 кестеде көрсетілген.

13 кесте – Реагенттердің тәуліктік шығыны

Атаулары	Шығыны, т/тәул	Жұмысшы концентрациясы, %	Ерітіндінің көлемі, м ³ тәуліктік
Әк	1,56	0,29-0,59	8,82-11,76
Күкіртті натрий	0,023	0,88-2,94	20,59
Бутил ксантогенат	0,009	0,59	3,53-14,12
Изопропильді ксантогенат	0,003	0,59	3,53-14,2
Сұйық шыны	0,115	2,35-2,94	11,76
T-80	0,044		5,89
Полиакриламид			

2.2 Реагенттер ерітінділерін дайындауға арналған құрал-жабдықтар

Реагенттерді дайындауға және оларды қажетті жерлерге жеткізуге арналған құрал-жабдықтарды тандау және есептеу келесі шарттар негізінде ұйымдастырылады. Реагенттерді еріту бір сменада атқарылады. Оларды тарату алаңына жеткізу тәулік бойында жүргізіледі. Жеткізу арнаулы сорғылармен атқарылады, олар тәулік бойында орташа 3-4 сағат жұмыс жасайды.

Реагенттерді дайындауға арналған құрал-жабдықтардың есептеу және таңдау нәтижелері 14 кестеде келтірілген.

14 кесте – Реагенттер бөлімінде қолданылатын құрал -жабдықтары

Құрал- жабдықтардың тағайындалуы	Атаулары	Типтері	Саны
Ерітінділерді сақтау	Реагенттер чандары	И-22	4
Әкті беру құралы		2 ПРС-1	3
Керосинді беру құралы		2 ПРС-1	1
«Л» майын беру құралы		2 ПРС-1	1
T-80 реагентін беру құралы		2 ПРС-1	1


14 кестенің жалғасы

Мыс купоросын беру құралы	Сұйық реагенттердің нәрлендіргіштері	2 ПРС-1	1
Күкіртті натрийді беру құралы		2 ПРС-1	1
Сұйық шыны беру құралы		2 ПРС-1	1
Ксантогенатты беру құралы		2 ПРС-1	1

2.3 Сынамалау және бақылау

Жобаланатын байыту фабрикасында бастапқы шикізаттың, қолданылатын материалдардың, дайын өнімдердің сапасын және технологиялық процестердің параметрлерін бақылау операциялары үнемі жүргізіледі. Төмендегі 4 суретте бақылау және сынамалау процесінің жүктемелері келтірілген.

Елеуішті талдаулар фабриканың ОТК зертханасында жүргізіледі, сағаттық химиялық талдаулар цехтағы экспресс зертханаларында атқарылады, ал ауысымдық, тәуліктік және айлық, орталық химиялық зертханаларда пульпадағы қаттының үлесі үзіліссіз бақыланады. Сутегі иондарының концентрациясы рН-метрмен бақыланады.



Концентрат

○ Химиялық талдау

□ Елеуішті талдау

△ Пульпадағы қаттының үлесі

▬ Өлшем

pH-пульпаның сілтілігі

4 Сурет – Сынамалау сұлбасы

3 Еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау

Осы дипломдық жұмыстың бөлімі Қазақстан Республикасының келесі заңдарына сүйене отырып жазылған:

- 1) «Қауіпсіздік және еңбек қорғау заңдары» 28.02.2004 жылдан №528 ПКР;
- 2) «Қауіпті өндірістік қауіпсіздік туралы заң» жылдан 03.04.2002 ҚРЗ;
- 3) «Өрт қауіпсіздігі туралы заң» 22.11.1996 жылдан;
- 4) ҚР еңбек кодексі 22.05.2007 жылдан № 123-135 (241710).

3.1 Еңбекті қорғаудағы қауіпсіздік шаралары

Өндіріс ғимаратында жұмысшыларға әсер ететін және өміріне қауіпті және зиянды факторлар: шу және діріл, ұсату цехындағы жоғарғы шаң мөлшері, зиянды газдыр мен булар, ғимарат ішіндегі жарықтандыру, микроклимат және т.б. Флотациялық байыту әдісі химиялық реагенттерді қолдау арқылы жүргізіледі. Олар адам өміріне және денсаулығына өте қауіпті және зиянды, мысалы, адам денесіне тиген натрий цианның бір тамшысы өлімге әкеп соқтырады, ал басқа реагенттер ауаға ұшып адам ағзасына тыныс алу арқылы түсіп, денеде көп жылдар жиналып ауыруға айналуы мүмкін. Өндірістік жабдықтардан тарайтын шу мен діріл, кеннің ұсатылуынан бөлінетін шаң, ұнтақтау бөлімінде улы заттардың концентрациясының жоғарғы мөлшерде жиналу да кәсіби ауыруға шалдықтарды. Жұмысшылардың өміріне зияны және қауіпті тимес үшін өндіріс орнында техника қауіпсіздігі сақталып, зиянды және қауіпті өндірістік факторлар белгіленген мөлшерден аспауын қадағалау қажет.

Кәсіпорынның қауіпті және зиянды өндірістік факторларына жататындар:

- машиналар мен механизмдердің қозғалатын бөліктері, транспорт;
- өңделіп жатқан материалдардан ұшатын бөлшектер;
- электрлік жабдықтар;
- шаңдалудың жоғарылығы;
- шудың жоғары болуы;
- дірілдің жоғары болуы.

Механикалық жарақаттанудан сақтану үшін жұмыс орны барлық механикалық қауіпсіздік және өндірістік санитария ережелері мен талаптарына сай болу керек, жабдықты орнықтыруға керекті ауданы болу керек, жақсы жарықталған және вентиляциясы болу керек; металл, руда бөліктерінен қорғану үшін биіктігі 600 мм-ден кем болмайтын бүтін немесе торлы (тор ұяшықтары 3 мм-ден артық болмайтын) жабындар (қалқан, щит) орнату керек; механизмнің барлық қозғалатын және айналатын бөліктеріне қоршаулар қою керек.

Шаңнан тазарту қажеттілігі әр түрлі себептерге байланысты. Байыту фабрикаларына түсетін кендердің құрамында оларды қазып алу процесінде, ұсату процестерінде пайда болатын шаң болады. Егер кен ауамен байытуға түсетін болса, ол алдын-ала шаңнан тазартылуы қажет. Бірақ кен ылғалдылығы

3-5%-дан асса ұнтақты шаң түрінде айыру қиын. Сондықтан кейінгі байыту процесі тек сулы ортада жүргізіледі, ал ұнтақ шлам түрінде бөлінеді.

Шаң бөлу ортадан тепкіш күш пайда болатын камералы, жалюзді және басқа аппараттарда ауа ағыны күшімен жүргізіледі.

Шаң қандай мақсатпен бөлінсе де ол ауамен бірге атмосфераға шығып оны былғамау керек. Сондықтан бөлінген шаң әрдайым ауадан бөлініп ұсталуы қажет. Шаң қандай құрамды болмасын адам организмiне өте зиянды. Көпшілігі организмнің әр жеріне жыйналып ауыр ауру түрлеріне шалықтырады.

Шаң кейінгі байыту процестеріне айтарлықтай кемшілік келтірмегеннің өзінде организмге зияны тимес үшін ұсталуы қажет. Байыту фабрикаларында ең көп шаң ұсату және елеу процестерінде, тасушы конвейерлерден екінші бір аппараттарға түскен жерлерде шығады. Сондай жерлері әдетте әртүрлі әдіспен қауыпсыздандырылады. Мысалы, ұсатқыштар үстері, баскада жерлер қалқалармен қоршалынып, шаң сорғыш вентилятормен жалғасады. Одан шыққан шаңды ауа шаң ұстағыштарға түседі.

Құрғату процесінен шығатын шаң тек ауа тазарту үшін ғана емес, онда бағалы зат үлесі жоғары болғандықтан (ол концентратқа бөлінген шаң) шаңды концентратқа қайта қосу үшін ұстатылады

Өндірістік санитариясы. Жұмысшылар бекітілген нормаға сәйкес жеке қорғау жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Климаттың қоңыржайлылығын ескере отырып жұмыс киімінің екі түрі беріледі: жазғы уақыт үшін нығыз ашық түсті матадан және маусымдық, жылырақ киім. Нығыз мата жұмысшыларды жиі болатын желдерден қорғау үшін қарастырылған, желдер негізінен оңтүстік-батыс бағытты, ал олар күз-көктем кезеңдерінде суық болады. Ауа ағындарының орташа айлық жылдамдығы 3,8 м/сек (қараша), 5,4 м/сек (сәуір) дейін, бірте-бірте 18 м/сек дейін өседі.

Олар ауаның температурасын, ылғалдылығын, ғимараттағы ауаның қозғалу жылдамдығын, жұмыс орындарының шаңдалуы мен жарықталуын, шу және діріл әсерлерінің деңгейін, вентиляцияны, жаракаттануды қарастырады, электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Шудан және дірілдеуден қорғау. Байыту фабрикасында шу негізінен ұсатқыштар, диірмендер, елеуіштер жұмысының нәтижесінде болады. Оның адам денсаулығына кері әсері жоғары. Сондықтан жоғарыда келтірілген жабдықтар бөлек жекеленген ғимараттарда орналастырып, басқа цехтардан, бөлімшелерден оқшауланады. Ондай жағдайда тұрақты және көп уақыт жұмыс істеген адам кәсіптік сырқатқа тап болуы мүмкін. Шудың жұмыс орындарында таралуын төмендету үшін:

- 1) дірілдеу процесін төмендететін заттар қолданылады.
- 2) механизмдер жұмсақ заттардан жасалған муфталар қолданылады.

Цехтарға жарық ғимараттардың жанынан түсіріледі. Өндіріс орындарында табиғи жарықтандыру терезе арқылы (әр 100 м² ауданға 1м²терезе), ал жасанды жарық беру үшін арнайы электр жүйесі қолданылады. Жарықтандырушы шамдар жалпы жергілікті және аралас болып бөлінеді. Негізгі жұмыс

орындарында жарық мөлшері 50-75 люкс болуы керек. Одан басқа фабрикада авариялық жарық болуы қажет. Оның мөлшері жұмыс істеуге

жеткілікті жарықтың 10% ті. Ол пайдалану бағытына қарай екіге бөлінеді: адам эвакуациясы үшін қолданылатын (30 люкстан кем емес) және жұмысты жалғастыруға рұқсат беру ретінде қолданылады.

Қабырға мен бөлме төбесінің ластануы жарықтану дәрежесін 10-30% төмендетуі мүмкін. Сондықтан терезелер жиі жуылып, ғимараттың ішкі қабырғалары жылына бір немесе екі рет сырланып отыруы қажет.

3.2 Техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Арнайы киім - өндірістік жағдайда тері қабаты арқылы әсер ететін сыртқы ортаның зиянды факторларынан адам денесін қорғайтын жеке қорғаныс құралы болып табылады. Арнайы киім өндірістік жағдайда үнемі қолданылатын күнделікті киюге арналған сыртынан киетін киім, оның қорғау қасиетін жоғарылатуға арналған уақытша қолданылатын киім болып жіктеледі.

Арнайы аяқ киім - сыртқы орта және механикалық зақымданудан адамның аяғын қорғау құралы болып табыдады. Арнайы аяқ киім: өндірістік жағдайда үнемі қолданылатын және негізгі аяқ киім сыртынан киілетін (ботинка, етік, жартылай етік, бахил, голош), оның қорғау қасиетін арттыруға арналған

қосымша қолды қорғауға арналған құралдардан - қолқап, биялай, шынтақша (комбинирленген болуы мүмкін) бар .

Басты қорғау құралы – Басты жарақаттардың барлық түрінен қорғау үшін арналған. Оларға каска, қалпақ, шлем, шапкілер мен береттер жатады.

Көру мүшелері мен бетті қорғау құралдары зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан шаң, қатты бөлшектерден, ұшқын, шашыранды қорғау үшін арналған. Оларға жататындар қорғаушы көзілдіріктер және маскалар, арнайы тағайындалған маскалар.

Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары фильтрлейтін және оқшаулайтын инголяциялы әсер ететін, қоршаған ортаның зиянды факторларынан адамның жеке басын қорғауға арналған құрал. Фильтрлеуші – фильтр сүзуші материалдарды картон, талшықты фильтрлеуші синтетикалық материалдар және зиянды газ шоғырын жұтатын материалдарды активтендірілген көмір қолдану.

3.3 Қоршаған ортаны қорғау шаралары

Ауаны қорғау. Ұсату цехында, бас корпуста, кен берілетін, қабылдайтын орында шаңның бөлініп, жұмыс орындарында таралуын қамтамасыз ету үшін, ол жерлерде шаң ұстағыш санитарлық жүйе орнатылған: шаң бөлінетін жабдықтарды мұқият қаптау және желдеткіш орнату, шаңды ауаны екі рет тазартып, сыртқа шығару т.с.с.

Шаңды ауаны бөліп шығару үшін ВД-12 түрлі желдеткіш қолданылады. Оның өнімділігі 55 м³/с, электродвигательдің қуаты 73 кВт.

Бірінші тазалау скрубберде іске асырылады. Жалпы тазалау дәрежесі 97 - 99% –ке жетеді.

Су қоймаларын қорғау. Фабрикадан шығатын ағызынды сулары қалдықпен бірге қалдық қоймасына жөнелтіледі. Қоймада тұндырылған су құдықпен жалғасқан құбыр арқылы тазалау ғимаратына келіп түседі.

Тұндырылған су фабрикаға жөнелтілер алдында механикалық және химиялық тазалаудан өтеді. Ол тазалаумен қосылып технологиялық процестерде қайта қолданылады.

Қалдық суы жерасты суына өтіп, оны ластамас үшін, қойманың бөгеттері саз балшықпен қапталып бекітіледі. Бөгеу денесінен сүзіліп шығатын суды, соны сырт бойымен жүргізілетін дренаждау құрыстары арқылы ұстап жер астына сіңдірмеу.

Егер қалдықты пульпада өте улы заттар болса, олар жер астына сіңбес үшін қойма түбін су өткізбейтін заттармен жабу көзделеді.

Жер қыртысын қорғау. Жер қыртысын қорғау үшін төмендегідей шаралар қолданылады: фабрика және қалдық қоймасы ауыл шаруашылық мүддесіне жарамды жерге орнатылатын болса, онда, оны салудан бұрын жер бетіндегі құнарлы қара топырақты қабатты сыдырып алып, оны басқа құнарсыз жер беттерін сапалау үшін қолдану көзделеді.

3.4 Электр қауіпсіздігін сақтау шаралары

Электр тоғының әсерінен болатын қауіптің негізгі себептері :

- кернеу астында орналасқан ток өткізгіш бөлшектерді ұстау немесе қауіпті қашықтыққа жақындау;
- изоляцияның зақымдануынан және басқа да себептерден электр жабдықтарының корпус, кожух сияқты металдық бөліктерінде пайда болатын кернеу;
- үстінде адамдар жұмыс істейтін корпус сияқты электр жабдықтарының сөндірілген ток өткізгіш бөліктерінде кернеудің пайда болуы;
- сымның жерге тұйықталу есебінен жер бетінде пайда болатын кадамдық кернеу.

Электр тоғын жермен жалғастыру:

Адамдарды электр тоғының әсерінен қорғау үшін фабрикадағы электр жабдықтары жермен жалғастырылған:

1. Фабрика жобаланып отырған орын 3-климаттық ауаға жатады.
2. Ұзындығы 2,5м болатын темір электрод көмегімен орташа ылғанды жердің меншікті кедергісімен өлшегенде тереңдігі 0,8м ол $0,15 \cdot 10^4$ Ом болады.
3. Жерге сіңетін ток мөлшері $I=60$ А ұсынылып отырған жермен жалғастыру әр қайсысының ұзындығы 50м болады, арасы 15м қашықтықта орналасқан екі темір таяқшаның көмегімен іске асырылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Берілген тапсырмаға сәйкес өнімділігі 2,0 млн тонна құрайтын мыс кенін байытатын фабриканың жобасы жасалынды.

Жобада келесі технологиялық процестер қарастырылды:

- бастапқы шикізатты ұсату процесі;
- екі сатылы ұнтақтау процесі;
- мыс минералдарын селективті флотациялау сұлбасы;
- байыту өнімін сусыздандыру;

Жобаланған байыту фабрикасында келесі көрсеткіштер алынды:

1)концентраттағы металдың үлесі:

Cu-30%;

2)мыстың концентратқа бөлініп алу дәрежесі:

Cu-90%.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Көшербаев Қ.Т. Кен байыту негіздері – Алматы, 2011
- 2 Көшербаев Қ.Т. Флотациялық байыту әдістері – Алматы, 2000
- 3 Сажин Ю.Г. Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификации – Алматы, 2005
- 4 Шаутинов М.Р. Байыту өнімдерін сусыздандыру және шаң ұстау – Алматы, 2005
- 5 Абрамов А.А. Флотационные методы обогащения – Москва, 2008
- 6 Абрамов А.А. Переработка, обогащение и комплексное использование твердых полезных ископаемых. Том 2. «Технология обогащения полезных ископаемых». Москва, 2006
- 7 Абрамов А.А. Переработка, обогащение и комплексное использование твердых полезных ископаемых. Том 3. «Технология переработки и обогащения руд цветных металлов». Москва, 2006
- 8 Комлев А.М. Фридман С.Э. Щербаков Обезвоживание продуктов обогащения Недра, Москва, 1988
- 9 Гудима В.И. Основы автоматизации обогатительных фабрик – Москва, 1979
- 10 Козин В.З. Троп А.Е. Кошаров А.Я. Автоматизация производственных процессов обогатительных фабрик – Москва, 1980
- 11 Злобинский Б.М. Охрана труда в металлургии – Москва, 1975
- 12 Досумов Ж.У. Флотациялық реагенттер – Алматы, 2000
- 13 Разумов К.А. Проектирование обогатительных фабрик – Москва, 1981